

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**  
**Заң факультеті**  
**Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы**  
**кафедрасы**

**ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Азаматтық құқық**

«6B12301 - Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы

**2 курс, күндізгі семестр, 5 кредит**

**Алматы қ. 2024ж.**

«6B12301 - Құқық қорғау қызметі»

Білім беру бағдарламасы оқу жұмыс жоспарының негізінде әзірленді

ПОӘК құрастырған – з.ғ.к., доцент Мұқалдиева Г.Б.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

« 14 » 06 2024 ж. №19 Хаттама

Кафедра менгерушісі,  
з.ғ.д., профессор

Сулейменова С.Ж.

Білім беру және оқыту сапасы  
бойынша академиялық комитеттің  
төрайымы  
«18»06. 2024ж. хаттама №10

Урисбаева А.А.

## **Кіріспе**

«Құқықтану» білім беру бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан- қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы тұрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Аппеляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бүйрекимен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеге мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшеліне байланысты БП МК циклындағы пәндер Емтихан univer жүйесінде тест, онлайн қабылданады. Емтихан сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі 200 сұрақтың ішінен оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 40 тест сұрақтарынан турады.

### **ҚР азаматтық құқығы - 5 кредит. Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар**

#### **1- Тақырып. Сатып алу сату шартының түсінігі мен түрлері, ерекшеліктері.**

Сатып алу-сату шартының түрлік сипаттамасы. Сатып алу-сату шартының түсінігі және маңызы, сипаттамасы. Сатып алу-сату шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мұлікті беру мерзімі, саны, сапасы бойынша шарттың талаптарын бұзған кездегі тараптардың жауапкершілігі. Кепілді мерзім және кепілді мерзімді есептеу тәртібі. Тауардың жарамдылық мерзімі. Сатушының шартты орындау сәті. Сатып алынған мүліккесе сатып алушының меншік құқығының пайда болуы. Тауардың кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ жойылу қаупінің сатып алушыға ауысуы. Бөлшек сатып алу-сату шартын құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Тауар жеткізілімі шартының жалпы сипаттамасы. Тауар жеткізілімі шарты талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Тауар жеткізілімі шартын орындаудан бір жақты бас тарту негіздері. Энергиямен және басқа қормен жабдықтау шарттары.

#### **2 Тақырып. Жалдау шартының түсінігі мен түрлері, ерекшеліктері**

Мұлік жалдау шартының түсінігі, мазмұны. Мұлік жалдау шарты бойынша тараптардың құқтары мен міндеттері.

Қосымша жалға беру. Мұлікті жалдау шартын орындау. Жалға алушылардың мұлікке жасаған жақсартуларының құқықтық салдары.

Мұлік жалдау шартының түрлік сипаттамасы. Тұрмыстық прокатты құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Үйлер мен ғимараттарды жалдау.

Мұліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жалдаудың құқықтық ерекшеліктері.

Лизингтік қатынастардың құқықтық табиғаты.

Транспорт құралдарын жалдаудың құқықтық реттелуі. Транспорт құралдарын жалдаудың түрлік сипаттамасы.

### **3 Тақырып. Қызмет көрсету міндеттемелері және тасмалдау шарты.**

Қазақстан Республикасының зандары бойынша көлік түрлері. Тасымал, көлік ұйымы, шаруашылық айналымдағы құқықтық жағдайы. Тасымал түрлері, оларды құқықтық реттеу.

Тасымал шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Тасымал шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Тасымал шартының орындалуы. Жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Тасымалдау шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

Көлік экспедициясы шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Көлік экспедициясы шартының орындалуы. Көлік экспедициясы шарты арқылы жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шарты арқылы жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Көлік экспедициясы шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

### **4 Тақырып. Банктік қызмет көрсету шарттары**

ҚР есеп-айырысу қатынастарының түсінігі, негізгі принциптері. Есеп-айырысу қатынастарын құқықтық реттеу. ҚР-дағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысадың түрлік сипаттамасы. Банктік қызмет ету шарты, түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері.

Банктік шот, банктік салым шарттары. Несие қатынастары. Түсінігі, несиелер түрлері. Несие ресурстарының қайтарылуын қамтамасыз ету.

Қарыз шартының нысаны. Қарыз шартының мазмұны және орындалуы.

### **5 Тақырып. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер**

Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер.

Зиян келтіру келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелердің түсінігі және шарттары. Зиянды өтеу мөлшерінің көлемі, сипаттамасы. Моральдық зиянды өтеу.

Мемлекеттік органдардың әрекетінен, жергілікті басқару органдарының және лауазымды адамдардың әрекетінен келтірілген зиян үшін жауапкершілік.

Адам өміріне, денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Тауарлардың, жұмыстардың қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеуі.

## 6 Тақырып Интеллектуалдық меншік құқығы

Творчестволық қызмет және оның азаматтық құқықтағы ролі. Интеллектуалдық меншік құқығының түсінігі, ерекшеліктері. Өндірістік меншік құқығы. Творчестволық қызметтің құқықтық қамтамасыз ету. Творчестволық қызметтің нәтижесін азаматтық құқықтық қорғау институттары.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқық. Олардың әрекет еті мерзімдері. Айрықша құқықтарды қорғау әдістері. Селекциялық жетістіктерге құқық, олардың қорғалуы, мерзімі.

Авторлық құқық объектілерінің түсінігі және белгілері. Авторлық құқық субъектілері.

Авторлық шарт.

Сабактас құқық.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысуышыларын дараландыру құралдары

Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгінің ұғымы. Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгіні пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету. Патент түсінігі мен түрлері.

Қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгі.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысуышыларын дараландыру құралдарының ұғымы. Фирмалық атау.

Тауардың шығу жері, атауы. Тауар және қызметтер азаматтық айналымы қатысуышыларының дараландыру құралдарын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

## 8 Тақырып: Мұрагерлік құқық

Азаматтардың меншігіне деген мұрагерліктің түсінігі мен мазмұны. Мұрагерлік құқықтың негізгі ұғымдары. Мұрагерліктің түсінігі, мазмұны және түрлері. Мұраға ие бола адмайтын азаматтар. Мұрагерлік құқық иемденушіліктің объектілері (мұра құрамы).

Өсиет бойынша мұрагерлік. Өсиет - бір тарапты мәміле, оның жасалу нысаны. Өсиетті жою. Легат. Өсиетті орындау. Заң бойынша мұрагерлік. Заң бойынша мұрагерлер. Заң бойынша мұрагерліктің тәртібі. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік. Мұрадағы міндетті үлес. Мұрагерлікті қорғау. Мұраны алудың тәртібі мен құқықтық салдары. Мұра қалдырушуның міндеттемелері бойынша несие берушілердің мұрагерлерге қоятын талабы.

Әдебиеттер: Арнайы:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, әл.база «ЮРИСТ», 2022ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, әл.база «ЮРИСТ», 2023ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, әл.база «ЮРИСТ», 2023ж..

### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2018.

**Интернет-ресурстар:** пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz. сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. <http://www.Adilet.zan.kz>, <http://almatyotary.kz/vystuplenie--a.-zhanabilovoy---pred>, <http://www..gov.ru/node/254>

Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы

### **Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:**

**1. Пән бойынша қорытынды бақылау – универ жүйесінде тест түрде** (онлайн) өткізіледі. Емтихан қабылдау барысы –проекторингпен бақыланады, автоматты түрде тексереді.

**2. Маңызды** – емтихан міндепті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостқа қорытынды баға емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағатта қойылады.

• 48 сағат ішінде бекітілуге жатады

4. Univer АЖ емтихан сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Емтихан өту уақыты- 90 минут.

5. Емтихан тесттері- автоматты түрде генерацияланады

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.** ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҮШИН КОМИССИЯ ЖЕКЕ ШАҚЫРҒАНҒА ДЕЙІН UNIVER жүйеісне кіріп тест ашып тапсырады..

• "Тест емтихан тапсыру" функциясы емтихан уақыты басталғаннан кейін ғана белсенді;

• "Тест емтихан тапсыру" функциясы бар студент үшін ғана белсенді жабылмаған қорытынды ведомостар (емтихан, қайта тапсыру, Incomplete).

**МАҢЫЗДЫ.** Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

Емтихан алушы емтиханды қайта қосу үшін 30-40 минуттық кезеңдерге бөлуі керек. Студент емтиханды бір сессияда уақытында тапсыруы керек. Бір сессияда жауап беруді бастауға және қайта қосуды аяқтауға тыйым салынады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.** Егер техникалық себептер бойынша өз билетін ашқан студент емтиханда онлайн режимінде 10 минуттан артық болмаса, онда

оның жауабы беріледі. Емтихан академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің келісімі бойынша басқа күнге ауыстырылады.

### **ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:**

1. Емтихан комиссиясы мен оқытушы емтиханға қатысушыларды аттестаттайты.

2. Univer АЖ-дағы қорытынды ведомоске балл қояды.

Емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты – **48 сағат**.

#### **Сонымен:**

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.

2. Студенттер мен оқытушы емтихан күні мен уақытын алдын-ала білуі керек.

3. Univer АЖ-да "пән бойынша қорытынды емтихан" құжатын орналастыру міндетті.

4. студент жауабы кезінде топтың басқа мүшелері күту режиміне өтуі мүмкін (камераларды өшіру керек, бірақ БКБ қызметінен шықпау керек).

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады:

[https://drive.google.com/file/d/1a5ZyTQTF6fR82wu\\_1-oUjHGO0sySalTh/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1a5ZyTQTF6fR82wu_1-oUjHGO0sySalTh/view?usp=sharing)

### **11. Бағалау саясаты**

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:  $\frac{PK1+PK2}{2} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4$ . Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық

C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз